

3. Абдрасулов Е.Б. Судебная система Республики Казахстан и актуальные вопросы международных стандартов правосудия //Материалы Международной научно-практической конференции «Совершенствование законодательства в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» /<https://online.zakon.kz/m/>

4. Яковлев В. Ф. На очереди — обеспечение доступности и повышение качества правосудия // Российская юстиция. 2001. №11. С. 11

5. Сборник документов по международному праву, том 1. – А.: Данекер, 2011. — 506 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША МИГРАНТ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Сиязбекова Д.Т.,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-нің, заң факультетінің 2 курс магистранты

Бала құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы маңызды кешендік халықаралық құжат ретінде БҰҰ-ның 1989 жылғы «Бала құқықтары туралы конвенциясы» мен оның қосымша хаттамалары танылады. Дегенмен, бізбен зерттеліп отырған тақырыпқа сай нақты немесе арнайы мигрант балалардың құқықтарын қарастыратын бірыңғай халықаралық құжаттың жоқтығына көз жеткіземіз. Мұндағы басты көтеретін мәселе – мигранттардың құқықтарын қамтамасыз ету, оның ішінде әсіресе мигрант-балалардың құқықтарын реттеу болып табылады. Өйткені, ересек мигранттар өз құқықтарын қамтамасыз етуге қабілетті, ал мигрант балалар қабілетсіз. Сонымен қатар, мигранттар өзге мемлекетке алдымен отбасының ер азаматы көшіп барады, сосын әйелі мен бала шағасын көшіріп алатындығы қалыптасқан әрекет. Өртүрлі себептерге байланысты мигранттардың отбасы мүшелерінің басы бірікпей қалып жатады. Нәтижесінде мигранттардың отбасы мүшелерінің басын біріктіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы тұста балалардың халықаралық құқықтарының бөлінбейтін және абсолютті құқық екендігін естен шығарып алатын сияқтымыз. Олай дейтініміз, шетелдіктердің құқықтарын реттейтін ұлттық заңнамалардың басым көпшілігінде балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған ережелердің қарастырылмауы.[1] Оған себеп, «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің» 23 бабына сай «отбасы қоғам мен мемлекет тарапынан қорғалуға құқылы»[2]. Және де «Бала құқықтары туралы конвенцияның» 9 бабының 1 тармағына сай «мемлекеттер баланың өз ата-анасымен олардың қалауынан тыс ажырамауын қамтамасыз етуі тиіс».[3] Аймақтық тұрғыдан «Адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның» 8-бабына сай «әркімнің өзінің жеке және отбасылық өмірін құрметтеуге, сондай-ақ басқа адамдардың (отбасы мүшелерінің) денсаулығын немесе имандылығын сақтау немесе құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін құқығы бар»[4]. Адам құқықтары туралы Америкалық конвенцияның 11-бабында «ешкім де оның жеке өміріне, оның отбасына, үйіне өз бетінше араласуға жол берілмейтіндігі» ескерілген.[5] Халықаралық стандарттарды ескеретін болсақ, онда нақты мигрант деп атап көрсетпегенмен отбасы мүшелерінің өзара ажырауына жол берілмейтіндігі қатаң ескеріледі. Осы мәселені Қазақстан Республикасының мигрант балаларға қатысты ұлттық нормативтік құқықтық актілеріне кешендік талдау жүргізсек.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңнамасындағы 10 баптың 11-тармағына сай «мигрант балалардың білім алу құқығы қамтамасыз етіледі», отбасы мүшелерін біріктіру мақсатында 27 баптың 2 тармағында былай ескерілген: «шақырушы адамдардың өз отбасымен бірігу мақсатында сол отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасына келуі жөнінде қолдау хат беруге құқығы бар».[6] Оралмандардың құқықтарын қорғауға қатысты көптеген құқықтардың көзделгендігі, яғни нақтырақ айтқанда, оралмандар үшін арнайы квота бөлінеді және арнайы тіркеу рәсімдері жүргізілетіндігі мигрант адамдардың, оның ішінде балалардың құқықтарын кемсітеді. Ал, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының ережелері мен Бала құқықтары туралы конвенцияның 2 бабына сай, яғни «қатысушы мемлекеттер ұлттық, этникалық шығу тегіне қарамастан, өздерінің юрисдикциясы шегінде жүрген әрбір балаға осы Конвенцияда көзделген барлық құқықтарды қандай да бір кемсітушіліксіз құрметтеуге және қамтамасыз етуге» міндетті.[3] Халықаралық қауымдастықтың бір мүшесі ретінде халықаралық стандарттардың көпшілігін ратификациялаған Қазақстан Республикасы мигранттардың құқықтарын қорғау саласындағы арнайы заңнамасы тұрғысынан «кемсітпеушілік» құқықтарын толық қамтамасыз ете алмайды деп ойлаймыз. Бұған жауап ретінде тек Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 наурыздағы №3419 «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» Жарлығында қарастырылған принципті негізге келтіруге болады: «көшіп-қонушыларды нәсілі, діни наным, жынысы, жасы, белгілі бір әлеуметтік топқа жататыны немесе саяси сенімі бойынша кемсітуге жол бермеу».[7] Дегенмен, аталған принципте адамның этникалық шығу тегіне қатысты кемсітушіліктің ескерілмегендігі пікірімізді дәлелдей түседі. Ал, «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ескеретін болсақ, онда «мигранттардың құқықтарын сақтау мен қорғау, нәсілі, тілі, діні, жынысы, этникалық және әлеуметтік шығу тегі бойынша кемсітушілікке жол бермеу» [8] деп ескерілген. Бұл ретте Қазақстан Республикасы ұстанымдарының дамығандығын аңғарамыз. Дегенмен, құқықтық тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, онда тұжырымдама ешбір заңдық мәнге ие емес және даулы мәселе туындаған жағдайда оның алға қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудың принциптік ұстанымы деп жалтаруға мемлекет үшін тиімділік тудырады деп ойлаймыз

Арнайы заңнамадан басқа, мигранттарды шетелдіктер деп алып қарастыратын болсақ, онда бірінші кезекте Қазақстан Республикасының Конституциясын атап өтуге болады. Себебі, ондағы 12-бапта «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады». [9] Ал, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заңына сай шетелдіктер мен азаматтығы жоқ азаматтарға Қазақстан Республикасымен теңдей құқықтар мен бостандықтардың берілгендігі ешбір дау туғызбайды және толық қанағаттанарлық деп бағалауға болады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидалары» белгілі бір тіркеу қағидаларын ғана реттейтіндіктен және өзге құжаттардың өзгеруіне тәуелді өзгеріп отыратын қосалқы құжат ретінде ғана қолданылады.

Халықаралық тәжірибеге негізделетін болсақ, ондай мигранттардың балаларына қатысты туындайтын мәселе білім алу, денсаулығын сақтау және тұрғын үй құқықтарын

қорғау. Сонымен қатар, мигранттарға Қазақстан Республикасында тұру құқығын беретін рұқсат мерзіміне қатысты жиі қиындықтар туындайды екен. Оның басты себебі ретінде Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 43-2 бабының 1 тармағын негізге келтіруге болады, яғни «рұқсат беру туралы өтініште көрсетілген мерзімге еңбекші көшіп келушіге рұқсат беріледі және ол бір, екі немесе үш айды құрауы мүмкін және еңбекші көшіп келушіге рұқсат берудің ең ұзақ мерзімі он екі айдан аспауға тиіс». [6] Бұл мерзімнің берілу тәртібі мен мерзімі біткеннен кейінгі өз еліне барып келу тәртібі бойынша еңбекші мигрант аспектісінде балалардың өзекті болып табылатындығына қарамастан мигрант балалардың құқықтары мүлдем ескерілмеген. Біріншіден, білім алу үшін мектепке тіркелу әрине Қазақстан Республикасында тұру құқығын беретін тиісті рұқсат қағазын талап етеді. Екіншіден, баланың денсаулығын қарату мен емдеу тұрғысынан қиындықтар туындайды және поликлиникаға тұрақты тіркелу де тиісті рұқсат қағазына тәуелді. Үшіншіден, тұрғын үй мәселесіне қатысты қиыншылықтар. Тұрғын үйінің мекен-жай жиі ауысатын болса, онда мектеп те, поликлиника да ауыстырылуы тиіс. Ата-анасы еңбекші мигранттар үшін алдымен үш айға берілетін және 12 айдан аспайтын уақытқа рұқсаттың берілуі көптеген қиындықтарды туындатады. Әрине, бұндай мерзім беру барысында мигрант балалардың жағдайын бірінші кезекте қарастыру керек деп санаймыз. Яғни, балалар үздіксіз білім алу құқығынан айырылады, денсаулығы дұрыс қаралмайды және тұрғылықты мекен-жайының жайсыздығы баланың келешегіне қауіп төндіреді. Бұл кедергілерді ескеретін болсақ, онда Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттарда көзделген «мигранттарды отбасы мүшелерімен қосу» мәселесін қамтамасыз ету мүмкін емес. Осыған байланысты мигранттардың қандай санаты болмасын, оларға тұру рұқсатын беру мен мерзім аралығын белгілеу кезінде мигрант балалардың құқықтары мен бостандықтарының ескерілуі тиіс деп санаймыз. Оның үстіне, ҚР Сыртқы істер министрлігі Көпжақты ынтымақтастық департаментінің директоры Ақан Рахметулин «Қазақстанда бірлескен күш-жігермен шешуді талап ететін проблемалар бар: суицидтің жоғары деңгейі, инклюзивті білім берудің нашар дамуы, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, мигранттардың балаларын тиісті органдарында тіркеу үшін құжаттарды алуға кедергі келтіретін заңнамадағы олқылықтарды» [10] өз сөзінде атап өткен болатын..

Дегенмен, 2018 жылдың 16 шілдесінде Астана қаласында – БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Қазақстандағы Еуропалық Одақ өкілдігі мен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл көші-қон процестеріндегі балалардың құқықтарын қорғау бойынша жаңа ортақ бағдарламаны іске қосқан болатын. Бағдарлама 3 жыл бойы Қазақстан Республикасының Үкіметі, ұлттық және халықаралық серіктестер, БҰҰ БЖКБ және ХМҰ бірлесіп жүзеге асырылатын болады. Еуропалық Одақ Оңтүстік-Шығыс, Оңтүстік және Орталық Азия елдерінің жеті мемлекетінде көші-қон процестеріндегі балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған ЮНИСЕФ жұмысын қолдау үшін 10.5 млн Еуро бөлген екен[11].

Қорытындылай келгенде, мигрант балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған бағдарламаның нәтижесіне 2021 жылы баға беретін боламыз және Қазақстан Республикасының көптеген ұлттық заңнамаларына оң өзгерістер мен толықтырулардың енгізілетіндігіне толық сенім білдіреміз.

Мигрант балалардың құқықтарын қамтамасыздандыру тұрғысынан Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың бір мүшесі ретінде тиісті халықаралық стандарттардың барлығын ратификациялаған. Бірақ, ұлттық деңгейдегі заңнамалар сол халықаралық стандарттарға сай қолданылмайды. Әсіресе, мигрант балалардың құқықтарын қорғау аясында көптеген кемшіліктер бар. Олай деуге келесі негіздемелер дәлел болады:

Қазақстан Республикасы өзің конституциялық тұрғыдан зайырлы мемлекет деп жариялағанмен, оралмандар мен мигранттардың құқықтарын қамтамасыз ету тұрғысынан «кемсітушіліктің» орын алуына жол беріп отыр. Келесі мәселе халықаралық шарттарда көзделген «мигранттарды отбасы мүшелерімен қосу». Мигранттардың келуіне шектеу қойылмағанмен еңбекші мигранттар үшін алдымен үш айға берілетін және 12 айдан аспайтын уақытқа рұқсаттың берілуі көптеген қиындықтарды туындатады. Бұл мерзімдерді белгілеу кезінде мигрант балалардың жағдайын бірінші кезекте қарастырылуы тиіс. Себебі, мигрант балалардың үздіксіз білім алу мен медициналық көмек алу құқықтары шектелуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Заключение № 85 (XLIX) «О международной защите» Исполком, УВКБ, 49-я сессия, 1998 г., п. (w);
2. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы №91 «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Заңы // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091_
3. Конвенция о правах ребенка, принята резолюцией 44/25 ГА от 20 ноября 1989 года // http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml
4. Конвенция о защите прав человека и основных свобод г. Рим, 4.XI.1950 г. // https://www.echr.coe.int/Documents/Convention_RUS.pdf
5. American Convention on Human Rights «Pact of San Jose, Costa Rica» (B-32) // http://www.oas.org/dil/treaties_B-32_American_Convention_on_Human_Rights.pdf
6. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
7. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 19 наурыздағы №3419 «Көші-қон саясатының 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» Жарлығы
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылы 29 қыркүйекте №602 қаулысымен «Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 - 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
9. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/>
10. Права ребенка в Казахстане: прогресс и новые задачи. 07.03.2018 г. // <https://kaztrk.kz/ru/news/portal/prava-rebenka-v-kazahstane-progress-i-novye-zadachi-110131>